**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.01 - 05.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. | **Үстел үсті ойыны "Лото".** Жалғасын тап. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады. | **Үстел үсті ойыны.** «Көңілді құрылыс». Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге.<br>1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау.<br>Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Көңілді ойындар ойнап, аққала жасайық.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін құрау.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | 1.**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Оюлар салынған қарлы жолақ**<br>**мақсаты**<br>Балаларға қазақтың ою-өрнектерінің элементтерімен тіктөртбұрышты жолдарды безендіру тәсілін таныстыру; «қарға ізі», «құс тұмсығы», «қаңқа» сияқты ою элементтерін белгілі ырғақты сақтап, қағазға қарындашпен салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-қиялын, елестету қабілеттерін дамыту; әсемдікті түсінуге, тиянақтылыққа, мақсатшылдыққа | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:Ақ аю**<br>**мақсаты**<br>Балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі және қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтарын, жауапкер шіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. Ақ аюдың дене мүшелерін атау арқылы балалардың көзбен | **1.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Батпан құйрық<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдап отырып, қайталап айтуды үйрету; ертегідегі аңдардың көңіл күйлері мен қимыл-қозғалыстарын эмоциямен қабылдай білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «қар сықырлайды», «қаңқа», «бірін бірі алмастырады» сөздерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Суретті қарау, көркем сөз, аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, топтық жұмыс, сурет салу амалдарын көрсету, музыкалық сәт жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қыстың далаға (орманға) келгені туралы сурет. Біреудің қарды басып келе жатқанынын білдіретін дыбыстар.<br>Қардың үстінде жатқан әртүрлі іздердің суреттері. Түрлі-түсті қарындаштар қорабы, ақ қағаз жолағы. Қазақ оюларының үлгілері: «құс тұмсығы», «қарға ізі», «қаңқа». Жолақтағы оюлардың жарамсыз салынғаны туралы екі үлгі: ою элементтерінің көлемдері әртүрлі; бірыңғай оюлардың араларында екінші оюлардың біркелкі ретпен орналаспауы. Оюларды жолақтарға салу кезеңдері. «Ақша қар» туралы әнінің аудиожазбасы. Қардың жауғаны туралы бейнебаян. Друдл таңбаларының | қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, зейіні мен тілін және дүниетанымын дамыту. Оқу қызметі кезінде құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтауға, жануарларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Қыс қызығы, ақ аю, қарға аунайды, ақ тон, суық жақта, суда жүзеді, суыққа үйренген сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан ақ аюдың қысқы тіршілігін көрсету, пысықтау, «Ақ аюдың құйрығын тап» дидактикалық ойыны.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, екі ойыншық ақ аю, ақ аю туралы бейнебаян немесе мазмұнды суреттер; ақ аюдың қысқы тіршілігі бейнеленген суреттер, ақ аю бейнеленген | қызықтыру; жабайы табиғат әлемі туралы түсінік беру. Ертегі желісі арқылы балалардың шығармашылығын, еске сақтау қабілеті мен тілін, зейіні мен дүниетанымын дамыту. Балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; бірін-бірі сыйлауға, жабайы табиғат әлемін құрметтеуге, белсенді болуға тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>«Жабайы табиғат әлемі», «батпан құйрық», «төңкеріліп жатқан қойдың тегенедей құйрығы», «қасқырдың екі көзі сексеуілдің шоғындай жайнап ...», «құйрығын бұлғаңдатып, шоқиып ...», «ашқарақ қасқыр», «қомағай көкжал» сөздерін пайдалану.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан қасқыр мен түлкінің суретін, ертегі желісін көрсету, ертегіні мәнерлеп оқу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, «Кейіпкер сөздерін жалғастыр» логикалық жаттығуы, ертегі бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Батпан құйрықтың суретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бірі.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | таңбалауыштар.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Ақ аю бейнеленген таңбалауыштар.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Аю мен қасқыр мақсаты**<br>Балаларға геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқыр мен аюды құрастыруды үйрету; қасқыр мен аюдың қысқы тіршілігі туралы білімдерін толықтыру; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; үлгі бойынша құрастыру іскерліктерін, танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «жабайы жануар», «қасқыр», «қысқы тіршілік», «сопақша», «тіктөртбұрыш», «шаршы», «шеңбер», «үшбұрыш», «оң жақ», «сол жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар** | тап» дидактикалық ойыны.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, даланың суреті; қасқыр мен түлкінің жұмсақ ойыншықтары, ертегі мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; қасқыр мен түлкінің маскасы, түлкі бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Түлкі бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Аю мен қасқырдың суреті, апанда ұйықтап жатқан аюдың суреті, аю мен қасқырдың дайын үлгісі, геометриялық пішіндер.<br>**2ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Бала санына сәйкес **геометриялық пішіндер.**<br>**Жабыстыру**<br>**Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | **№21**<br>**Мұзды бақылау.** Көркем сөз.<br>Дала аппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр тынбастан.<br>Қалың орман, қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау:** ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл – қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап | **№22**<br>**Бұлт пен тұманды бақылау.**<br>Көркем сөз.<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>Жұмбақта.<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын.<br>Қыраттарға шөлдеген. (бұлт)<br>Аспан түйді қабағын,<br>Сұр пердесін керді де,<br>Жапты жердің табанын.<br>(тұман)<br>**Бақылау:** қыс кезіндегі | **№23**<br>**Қар тазалайтын машинаны бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Ол бензинді сүтше ішеді,<br>Тез арада сыпыра алады,<br>Қарды жолдан тазартып,<br>Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Еңбек түбі –береке.<br>Көптің түбі –мереке.<br>**Бақылау:** адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тұруға қолданылады. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br>**Қимылды ойын. «Мұзды аулаға кіргіз».**<br>Мақсат-міндеттер. Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. | табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бірінші болу».**<br>Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина). Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойынға керекті құралдармен жабдықтандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету. | кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады.<br>**Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру»**<br>Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін). Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Судың қасиетін бекіту:** ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру; берілген тапсырманы өздері орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру); бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау, столды сүртіп, жинау, ретке келтіру және т.б.). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Өз бетімен ойындар:**<br>таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | | | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Дос іздеген бота» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Өнер» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>**(музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>Көркем сөз<br>Түскі ұйқы уақыты, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Тайғаң жолда абайла!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | Сапарбек Ернар бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады: | Жұмагелді Ерасыл қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды: | Мұқтархан Айша өзінің туған жерін біледі, атайды, Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды, өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | №21 | №22 | №23 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | | «Отбасының денсаулық бағдарламасы». | Баяндама «Бала неге өтірік айтады?» | Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары» |

Тексерген ___________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.01 - 12.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **«Мозаика».** Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | **Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны** Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады. Ойынның мақсаты: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. | **Пазл".** Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету. | **"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. | **"Құрылыс ойындары "Робот".** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету.<br>Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Табиғат досы».**<br>Қоршаған өмір әлемі,<br>Не деген көркем, әдемі!<br>Сол сұлулықты сақтайық,<br>Мадақтайық, мақтайық!<br>Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.<br>Қардың пайдасы туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Шаттық шеңбері**<br>Күндей жадырап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай мөлдір таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық.<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Қыс мезігілі туралы ертегілер айту, әңгімелеу, мазмұндау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Шаттық шеңбері**<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан!<br><br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге қосылып айтады.<br><br>Қыс ерекшеліктерін айтып әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **«Қылқалам ханшасы».**<br>Жер - Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>Қыс қызығы туралы әңгімелесу.<br>Мнемотехниканы қолдану.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **«Поезд құрастыру».**<br>Дидактикалық мақсат-міндеттер.<br>Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсініктер беру, орналасу қалыптарын салыстыру.<br><br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **1.Қазақ тілі**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | 1.**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Көзі қорқақ қоян» ертегіні мәнерлеп оқу<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды «Қорқақ қоян» ертегісімен таныстыру; | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Аю мен қонжық апнда ұйықтап жатыр**<br>**мақсаты**<br>Балаларға апанында | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:Қар жауғанда**<br>**мақсаты**<br>Балалардың қыс мезгілінде табиғатты бақылау | 1. **Музыка**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Боран<br>**МАҚСАТЫ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | **3.математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Алыс және жақын жерде жатқан қар**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру; заттардың «ұзын», «қысқа» шамалары туралы түсініктерін бекіту.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларды кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауға дағдыландыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын байқауды үйрету; заттарды алыс не жақын қашықтықта тұрғанын, бірнешеуін өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыруға бейімдеу; заттардың көлемі қашықтықтағы қалпын өзгерту кезінде ғана тануға болатынын түсіндіру; сан мен санау дағдыларын дамыту; қар құбылысы жөніндегі бар білімдерін тиянақтау.<br>Қолдың ұсақ моторикасы, кеңістікті бағдарлау, есте сақтау, қабылдау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларда денсаулық сақтау қағидаларын | ертегідегі жабайы аңдардың бойындағы адамға ұқсас қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар жайлы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру; «көз қорқақ» тұрақты тіркесінің (фразеологизмінің) мағынасын түсіндіру; адамның мінез-құлқы туралы мағлұматтар аясын кеңейту. Балаларды мәнерлеп оқылған ертегінің мазмұнын суреттерге қарамай-ақ, құлақпен тыңдап, ертегі желісін, негізгі кейіпкерлерін еске сақтауды үйрету; ертегінің негізгі идеясын түсінуге мүмкіндік жасау; аңдардың әрекеттерінен адам қасиеттерін байқап, сұрақтарға толық жауап беруді, мнемокестені құрастыра білу дағдыларын жетілдіру; оқылған мәтінде кездесетін нақыл сөздерді есте сақтауға шақыру; қарама-қарсы мағыналы сөздер жұптарын айтуға жаттықтыру; есту зейінін, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту; бір-бірінің достық қарым-қатынасты нығайту. Балаларға жануарлар туралы ертегілерге сүйспеншілікке, ұғымталдыққа, адамның жақсы қасиеттеріне, | ұйықтап жатқан үлкен аю мен оның қонжығының композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі дене мүшелерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндеріндің пропорциялық үйлесімділігін сақтау арқылы салу техникасын жетілдіру; аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ақыл-ойын дамыту; байқағыштыққа, тірі табиғат өкілдеріне деген қызығушылығын арттыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «қарлы боран», «бұрылып жатыр» сөздерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, суретті қарау, көркем сөз, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, драмалық сәт, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, логикалық жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, | дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету; қыс қызығы туралы түсініктерін кеңейту. Қардың қасиеттерін атау арқылы балалардың есте сақтауы мен қабылдауын, зейіні мен тілін, дүниетанымы мен ойлауын дамыту. Оқу қызметі кезінде балалардың қыс қызығына қатысты оқиғаларға қызығушылықтарын ояту; мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтау, табиғат сұлулығының сырын ұғыну және табиғатты аялай білу сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Қыс қызығы", "Қар жауғанда", "табиғат құбылыстары", "мұздай", "қатты үшкір", "ериді", "жылы жерде", "суға айналады", "қатады", "Жарайсың!", "Тамаша" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан қыс қызығы суреттері мен қардың жауып тұрғанын | Балаларды Қ. Көпішевтің «Ақ боран» атты тақпағымен таныстыру, қысқы ақ боранның сөздік сипаттамасын түсінуге талпындыру; тақпақты жаттауға жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс мезгілін көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету; зейінін, ақыл-ойын, тілін дамыту; байқағыштыққа тәрбиелеу, сұлулықты бағалау қабілетін ояту.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>«Қырат», «шапқылау», «ақ жаулық», «бұрқыратып», «күңгір-күңгір» сөздерінің мағынасын түсіндіріп, қайталап айтқызып балалардың тілін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Суретті көрсету, аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, сөздік жаттығу, тіл ұстарту жаттығуы, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақта, тақпақты мәнерлеп оқу, көркемсөз, кері байланыс, пысықтау, елестету сәті, дамытушы жаттығу, мақтау, бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру, оларды зеректікке, шыдамдылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br><br>Жаттығуларды орындау барысында: «ең үлкен», «үлкендеу», «кішілеу», «ең кішкентай», «ең алыс», «жақындау», «алыстау», «ең жақын», «көп жүреміз», «аз жүреміз» сөздерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, жұмбақ, бейнеролик көрсету, панно алдында зерттеу жаттығуы,<br>саусақ жаттығуы, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы,<br>дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекеттерін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Қардың үстімен жүрген жүрісті білдіретін дыбыстар.<br>Қардың аппақ болып жауғаны туралы бейнеролик.<br>Қардан жасалған көлемі | тапқырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Белсенді сөздік қорға: қорқақ, батыл, тапқыр сөздерін қосу. Ертегі мазмұнындағы: ытқып шықты, тастай болды, көз қорқақ сөздерін айтқызу. Адамның мінез-құлқын сипаттайтын сөздерді және мағынасы қарама-қарсы сөздерді, фразаларды айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, кіріспе әңгімелеу, пиктограмма мен мимикалық гимнастика арқылы сөздік жұмыс жаттығуы, ертегіні мәнерлеп оқу, пантомималық музыкалық қимылды жаттығу, ертегі мазмұны бойынша әңгімелесу, мнемокестені құрастыру жаттығуы, жұптар айтысы сөздік жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Баяу ырғақты әуенжазба.<br>Қыста қарсқырдан қашқан ақ қоян туралы сурет.<br>Көңілді әуенжазба.<br>Пиктограмма және сызбалар | мақтау, рефлексия.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Қыста боранның соққаны туралы аудиожазба. Қысқы ормандағы қарлы боран туралы бейнежазба. Апанда үлкен аю мен оның қонжығының ұйықтап жатқаны туралы көрнекілік суреті. Қоңыр бор, акварельді бояу, ыдыста су, тіреуше, қылқалам, төсеніш, таза қағаздың беті. Аюдың қорегіне жататын суреттер тізбегі: жидектер, өсімдіктердің тамырлары, қоңыздар, балық, бал. Аю мен қонжықтың<br>бормен салынған сұлбасы, қоңыр акварельмен боялған суреттің үлгісі.<br>Аюлардың қағаз бетінде түрлі орналасуы туралы сызбалы суреттер:<br>- аюлар қағаздың бетінде көлденең жатыр;<br>- аюлар қағаздың бетінде тіке жатыр. | көрсету, пысықтау, "Қыста не керек?" дидактикалық ойыны.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, ыдысқа салынған табиғи қар, мұз, күрек, шелектер, екі табақша, құм, қыс қызығы суреттері; қыс тақырыбы бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; қардың суға айналуы бейнеленген картотекалар, өрнекті қар бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Мысғым менің мысығым<br>**мақсаты**<br>Балаларға мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету; мысық туралы, мысықтың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс- | **материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, қырау туралы суреттер; тәуліктің қыс және жаз мезгіліндегі сызбасы; боранның суреті; Аланның саябаққа барған жолының сызбасы; қыс мезгілінің атмосферасын білдіретін әуенжазбалар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Аланның саябаққа барған жолының сызбасы (әр балаға бір-бірден). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үш түрлі шарлар (қар болмай қалса, оны қағаздан дайындауға болады).<br>Түсі үш түрлі шағын табақтар.<br>Суретті сызбалар: жақында, үстелде, көлемі ең кішкентай, алыста, сөреде, көлемі ең үлкен екі қар кесегінің суреті;<br>үстелде, бір қатарда тұрған ең кішкентай және ең үлкен екі қар кесегінің суреті;<br>жақында, үстелде, көлемі ең кішкентай, алыста, сөреде, көлемі ең үлкен, үстел мен сөренің арасында, ортада, көлемі орташа үш қар кесегінің суреті;<br>- үстелде, бір қатарда тұрған ең кішкентай, үлкендеу, ең үлкен үш қар кесегінің суреті.<br>Орташа ырғақты әуенжазбасы.<br>«Саусақтар қадам басып келеді» сызбалы суреті.<br>№7 «Пингвиндер» атты әуенжазба.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балада ұзындығы әртүрлі, көк және көгілдір түсті қағаздан жасалған жолақтар; қысқа көк жолақтың шетінде қызыл, | тізбегі:<br>- қорқынышты;<br>- көңілді;<br>- мейірімді;<br>- ренішті;<br>- қу;<br>- ытқып шығу.<br>«Қорқақ қоян» ертегісінің желісі бойынша суреттер сериясы:<br>1) қоян апанға секіріп, кіріп барады;<br>2) қоян апаннан сығалап қарап, қасқырдың құйрығына көріп тұр;<br>3) қасқыр мен қарғаның әңгімесі;<br>4) қоян көжектері туралы ойланып тұр;<br>5) қоян қасқырдың қасынан жүгіріп кетті;<br>6) қоян өз үйінде, отбасының ортасында отыр.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | Аю мен қонжықтың суретін салу кезеңдері:<br>- ұзын және қысқа доғалы сызықтар;<br>- аюлардың дөңгелек пішінді бастарының қосылып салынуы;<br>- аюлардың денелерінің толықтай салынуы;<br>- аюлардың құлақтарының қосылып салынуы;<br>- аюлардың бейнелерінің бормен толықтай салынуы;<br>- аюлардың сұлбалары акварельді қоңыр бояумен боялуы.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтың жоспары бойынша | әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «мақта табақшасы», «мысық», «марғау», «үй жануары», «ортасында», «сол жақ», «оң жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Мысықтың суреті, ойыншық мысық, мысықтың дайын үлгісі, мақта табақшалары, қайшы, қағаз, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, майлық.<br>**Жабыстыру**<br>**3. Денешынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұзын, көгілдір жолақтың шетінде сары шелек киген аққалалар салынған. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **№24**<br>**Көшені бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам. (жол инспекторы)<br>**Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, почта, колледж, кітап баспасы және т.б..). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін | **№25**<br>**Отырғызылған гүлдерді табиғат бұрышына қою, гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ «Су құям гүлге» Қ.Сауғабаев.<br>Ұмытпай күнде,<br>Су құям гүлге.<br>Жайнайды гүлім,<br>Құлпыртып түрін.<br>**Бақылау:** бөлме гүлдерінің атауларын бекіту, олар туралы білімдерін кеңейту. Бөлме өсімдіктерін күту; бөлме өсімдіктерінің негізгі талаптары бөлімін бекіту, негізгі белгілері туралы мәлімет беру ( шіріген, жапырақтары сарғайған және т.б.), суарудың қосымша түрімен таныстыру. Бөлме өсімдіктерін жақсы көру, оларды күту, тірі ағза сияқты қарым-қатынаста тәрбиелеу. | **№26**<br>**Көпірді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзеннің қос жағасын,<br>Жалғастырып жол жатыр.<br>Тура өтіп шығасың,<br>Су кештірмес қол шатыр. (көпір)<br>**Бақылау:** көпірмен таныстыру.<br>Көпірдің құрылысы жайында түсіндіру (тіреуіші, жан-жақты құрылымы) бар; жүру белгісі (автокөлікке, жаяу жүргіншілерге, бәріне ортақ).<br>**Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)**<br>Балалардың ойын ережелеріне бағынуын, жауапты рольдерді орындай | **№27**<br>**Қыс соңында баған түбінде орналасқан шеңберді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай гөр.<br>Біз батыл баламыз.<br>Жылы үй қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан.<br>Аққала саламыз.<br>**Бақылау:** балалардың назарын қыс соңында ағаш жанында пайда болған қарлы шұңқырға аудару. Балаларға баған түбінде орналасқан қарға күннің көзі түскен кезде қардың еритінін, баған түбінде шеңбердің бар екендігін түсіндіру. Бұл көктем мезгілі жақындады деген алғашқы белгі. Өз зерттеулері бойынша | **№28**<br>**Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтелдер.<br>Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>Ер дәулеті - еңбек.<br>**Бақылау:** қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аударту. Бұған бізге аула тазартушы көмектеседі. Балалардан аула тазартушының жазғы жұмысына қарағанда, қысқы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Бірінші бол».**<br>Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оңға қарай, басқасы солға қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбек:** алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б.). Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** балаларға өз рөлдерін және жолдастарының рөлдерін біліп, 2-3 рөлде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ретінде рөлдік ойын ережесін білу. | Қимылды ойындар.<br>**«Қара сиыр» (қазақтың ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Дабыл бойынша тығыз орта құра білу дағдысын бекіту, ойын ережесін сақтау (ойыншының жанына бір затты жасыру, дабыл бойынша затты іздеу, тапқан адам қарауылдайды, қалғандары оны алып қоюға тырысады). Шынықтыру, ептілікті, төзімділікті дамыту.<br>**Еңбек:** гүлді суару, жапырақты жуу. Балаларды өз бетінше тәрбиешінің берген тапсырмасын орындауға үйрету (гүлді суарып, жапырақтың шаңын сүрту).Өсімдікке ұқыптылықпен қарап, уақытында күте білуге бағыттау. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында балалар өз іс-әрекеттерімен жолдастарының қимыл-істерімен ұштастыра білуі. | алуға ұмтылдыру .<br>**Еңбек.** Жолға құм себу. Берілген тапсырманы, жолға құм себуді өз беттерінше орындауға үйрету. Білу және еңбек ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Ойын ойнау барысында белсенділіктерін арттыру. | тәрбиешінің берген сұрағына жауап таба білу дағдыларын арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Кім шапшаң?» (дене шынықтыру)**<br>Белгіленген жерден шаңғымен жүре білуді қалыптастыру. Жарыстарға қатысуға деген талаптарын арттыру; достық сезімдерін ояту, топтағы жолдастарына көмек беруге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышына жуа отырғызу. Балаларға табиғат бұрышына, жәшікке жуа отырғызып үйрету, жуаның құрамында ағзаға пайдалы дәрумендердің барын айту. Өсімдіктерді табиғи-іс-әрекет қатынасы ретінде қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Қарым-қатынас және ойын барысында балаларға талаптар мен ережені (тәртіп мәдениетін, достық, ұжымдық қарым-қатынасты) меңгерту. | туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Кім күшті?» (қазақ халқының ұлттық ойыны) (дене шынықтыру)** Жаттығу жасау барысында еңбектену. Жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалау. Жолдасының жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау). **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап бере алуға тәрбиелеу, ойын әрекетін ұйымдастыруға талпындыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету.<br>Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Түлкі мен бөдене» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Қызғалдақ» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Байдың сияпаты» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау.<br>Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Батырдың жаны» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Шалқан» | **Желі рөлді ойын «Аспазшы»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Баспапалдақта секірме!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қанат Мариям екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы | Қуанышқызы Диляра әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың | Қуанышұлы Мансур мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді | Кенжебол Әмірхан қағаз парағын түрлендіреді, «оригами» үлгісі бойынша | Кошербай Нуртас өзінің туған жерін біледі, атайды, Мемлекеттік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша салыстырады: | бір-біріне арақатынасын жеткізеді: | оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады: | қарапайым пішіндер құрастырады: | рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды, өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №24 | №25 | №26 | №27 | №28 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету.<br>Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аппақ қар туралы әндер жаттау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Балаңызды үй шаруасына араластырасыз ба?" атты сауалнама. | Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Медбикеден кеңес. «Тазалық – денсаулық кепілі». | Балалардың денсаулықтары жайында әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәртібінің маңызы». | | | |

Тексерген ___________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.01 - 19.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | «Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Мысық пен тышқан" қимылды ойын.**<br>Педагог балаларды топтың ортасына шығарып, қимылды ойын ойнауды ұсынады.<br>Бала санына қарай мысық пен тышқандардың маскаларын ұсынады.<br>Санамақ арқылы тышқанды таңдайды.<br>Балалар келесі сөздерді қайталайды:<br>Мысық, мысық ұйықтайды,<br>Тышқан, тышқан жорғалайды: пи - пи.<br>Педагог балаларды мадақтайды.<br>Ойын 3-4 рет | **Үстел үсті ойыны.**<br>«Мозаика».<br>Мақсат-міндеттер: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа үйрету. **(танымдық дағдылар)** | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. | **Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны**<br>Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады.<br>Ойынның мақсат-міндеттері: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүтінге дейін меңгереді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталынады. | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында.<br>1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып.<br>3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас.<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қысқы ұйқыға кететін аңдар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Аңдар қыста немен қоректенетіні туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Аңдар туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | Аңдарды сипаттап, аңдар туралы толық әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл** | **1.Қазақ тілі**<br>**Педагогтің жоспары бойынша**<br>**2.Денешынықтыру**<br>**Педагогтің жоспары бойынша** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Құстарға жем шашар. Тақпағын жаттау<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың | **1.Сурет салу**<br>**ТақырыбыСары шымшық**<br>**мақсаты**<br>Балаларға қылқаламмен сары шымшық бейнесін | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Террариумдағы тасбақа**<br>**мақсаты**<br>Балаларда тасбақаның | 1. **Музыка**<br>**Педагогтің жоспары бойынша**<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Шыршаның басынан өткізген хикая |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ған іс-әрекет** | **3.Математика негіздері Тақырыбы**:Аңдардың іздерін зерттейік **МАҚСАТЫ** Балалардың ұғымындағы заттардың жуандығы туралы түсініктерін, санау дағдыларын бекіту. **МІНДЕТТЕР** Балаларға заттарды жуандығына қарай бір-бірінің тұсына қоюды және бір-біріне беттестіру зерттеу т әсілдерін қолданып, салыстыру нәтижелерін «жуан», «жіңішке» сын есімдерімен атауға дағдыландыру; екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырғанда тең немесе тең еместігін саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы жетілдіру; алыс және жақын ұғымдарын бекіту; жауаптарын тексеруді үйрету; жабайы аңдар мен құстардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін тиянақтау. Қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, логикалық ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. | ұғымындағы «тақпақ» туралы түсініктерін жетілдіру, қыстайтын құстар туралы көркемсөз үлгісімен таныстырып, құстарға қыста қамқорлық жасау жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау; адамның басқа адамдардың алдындағы жауапкершілік сезімі туралы түсініктер қалыптастыру. Балаларды «Құстарға жемшашар» тақпағын жаттап алып, мәнерлеп айтуды үйрету; жаттауды мнемокарточкаларды, пантомиманы қолдану дағдыларын жетілдіру; тақпақта кездесетін естілуі ұқсас, ұйқас сөздерді байқап, еске сақтау, тақпақ жанрын анықтау білігін қалыптастыру; тақпақ шумақтарындағы соңғы ұйқас сөздерді еске сақтауға жаттықтыру; байланыстырып сөйлеу біліктерін қалыптастыру; елестетуді, ой-өрісін, еске сақтау, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларға сөздің көркемдігін байқауға, | салуды үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау; акварельді бояуды қылқаламға қою реңкке келтіріп, қағаз бетіне көп мөлшерде салуға талпындтыру; көзбен мөлшерлеу, зейінін, құстарға қамқорлық сезімдерін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балалардың белсенді сөздік қорына «сары шымшық», «қыстың суығына төзімді» сөздерін енгізу. **Әдіс-тәсілдер** Бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, суретті қарау, көркем сөз, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, дамытушы жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия. **Құрал-жабдықтар 1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР** Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Жемшашарға қонып, ұшып жүрген қыстайтын құстар туралы | тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту; үй жағдайында тасбақаға күтім жасау дағдыларын жетілдіру; адам және қоршаған орта туралы ұғым беру. Тасбақа туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Тасбақа туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. Балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасауға және қамқор болуға деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және белсенділікке тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** "Мен және қоршаған орта", "тасбақа", "баяу жорғалайды", "карапакс", "пластрон", "көзі домалақ", "батпақ тасбақасы", "дала тасбақасы", "Жарайсың!", "Керемет" сөздерін пайдалану. **Әдіс-тәсілдер** Ғажайып сәт, түсіндіру, | **МАҚСАТЫ** Балаларды «Жаңа жыл қарсаңында» суретінің мазмұнымен таныстыру, суретте көрсетілген әрекеттер арқылы эмоционалды жауаптар қайтаруды, суреттерге қарап мазмұндауды үйрету. Сурет арқылы балалардың еске сақтау қабілеті мен эмоционалдық қабылдауын, зейіні мен тілін дамыту; суреттегі кейіпкерлердің қимыл-әрекеттері арқылы балалардың шығармашылығы мен тапқырлығын қалыптастыру. Балалардың суретке қызығушылықтарын ояту; адамдардың тіршілігі қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстарға тікелей байланысты болатынын түсінуді үйрету; суреттегі баланың жаңа жыл алдындағы бақытты бейнесінің мағынасын түсіндіру арқылы ірбір жақсылыққа қуануға, әдептілік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **СӨЗДІК ЖҰМЫС** «Қош келдің, Жаңа жыл!», «Жаңа жыл қарсаңында», «Қыстағы таңғы көрініс», «Қыс бейнесінің мереке алдындағы ахуалы», |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыс мезгіліне және осы мезгілдегі құбылыстар мен қоршаған объектілерге қызығушылықтарын арттыру; байқампаздыққа, зеректікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуды орындау барысында: «ең жуан», «ең жіңішке», «ең алыс», «ең жақын» сөздерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазба тыңдау, суретті көрсету, көркемсөз, үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Қысқы желдің дыбысы жазылған аудиожазба.<br>Қар үстіндегі әртүрлі іздер туралы қысқы орманның суреті.<br>Көрнекіліктер:<br>1) апандағы аю, түлкі, тиіннің жеке тұрған суреттері;<br>2) апандағы аю, түлкі, | мейірімділікке, қоршаған табиғаттағы объектілер үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Белсенді сөздік қорға: жемшашар, қамқорлық, шықылдайды, шырылдайды, қорек, керек, көңілашар, жемшашар, жылпыңдап, шықылдап сөздерін қосу. «Қыста құстарға қамқорлық жасау», «қыста күн суық», «құстардың қорегі аз» деген сөз тіркестерінің мағынасын түсініп айтуды үйрету.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, кіріспе әңгімелесу, мазмұнды сурет бойынша сөздік жұмыс жаттығу, тақпақты мәнерлеп оқу, фонетикалық ритмика, тақпақтағы ұйқас сөздерге мнемокарточка таңдап, жаттау жаттығуы, пантомима арқылы тақпақты балалардың біреуіне жатқа оқыту, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-** | бейнежазба. Қыстайтын құстардың коректерін білдіретін суреттер сериясы: жеміс-жидектер, дәндер, бүршіктер. Шымшықтың көрнекілік суреті. Акварельмен салынған сары шымшықтың сурет үлгісі. Акварельді бояу, қылқалам, тіреуше, ыдыста су, төсеніш, сүлгі, таза қағаз беті.<br>Сары шымшықты акварельмен салу кезеңдері:<br>- сары шымшықтың қара басы мен тұмсығы;<br>- сары шымшықтың басы, тұмсығы, сары денесі;<br>- сары шымшықтың басы, тұмсығы, денесі, көк қанаты, құйрығы мен аяқтары;<br>- сары шымшықтың ақ беті мен көздің ағы;<br>- сары шымшықтың аяқталған суреті.<br>Вальс темпіндегі әуенжазбасы. Сары шымшық, суық торғай, торғай сияқты қыстайтын құстардың суреттері. Сары шымшық, суық торғай, торғай сияқты қыстайтын құстардың дыбыстарының жазбалары.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Акварельді бояулар, қылқаламдар, тіреушелер, | баяндау, көркем сөз, жұмбақ, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан тасбақаның тіршілігінен көрініс көрсету, пысықтау, "Тасбақаны тап" дидактикалық ойыны.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, тасбақа туралы қысқаша бейнебаян, тасбақа туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; тасбақа бейнеленген таңбалауыштар; аудиожазбалар: тасбақаның дыбысы, террариумдағы тасбақа, ғажайып қап, тасбақаға ұқсас дөңгелек ойыншықтар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Тазалық денсаулық кепілі**<br>**мақсаты**<br>Балаларға йогурттан босаған ыдыс пен қағаздан қолжуғышты құрастыруды үйрету; «Тазалық - денсаулық кепілі» түсінігін қалыптастыра отырып, балалардың түсінігінде тазалық, тазалықтың пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту; жасаған жұмыстарын безендіруді үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс- | «Баланың жаңа жылға дайындығы» сөйлемдерін пайдалану.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, психогимнастика, баяндау, интербелсенді тақтадан суретті көрсету, суреттегі көріністі сипаттап жеткізу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, сурет мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Суреттегі жеке заттарды ата» дидактикалық ойыны, «Жаңа жылға дайындалайық» рефлексия жаттығуы.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, табиғи шырша, жаңа жылдық ойыншықтар, сурет; суретке байланысты картотекалар; шырша бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Шырша бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тиіннің бір аяқтары көрсетілген суреттері;<br>3) көлемі әртүрлі үш аңның салыстыруға арналған іздерінің суреті (аю, түлкі, тиін).<br>Бірден беске дейінгі сандардың жинақтары.<br>Ырғақтары бөлек (аю мен тиіннің жүрістеріне сай) және темпі екі түрлі аудиожазбалар.<br>Әртүрлі қашықтықта алыс немесе жақын орналасқан тиіндер, қояндар, құстар туралы мазмұнды сурет. | **ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Скрипкада ойналған баяу ырғақты әуенжазба.<br>Фонетикалық ритмикаға орташа ырғақты әуенжазба.<br>Тақпақты жаттауды пантомимаме н сүйемелдеуге арналған әуенжазба.<br>Қыстайтын құстардың дыбыстары: қарға, торғай, тоқылдақ.<br>Қыстайтын құстардың заттық суреттері: қарға, торғай, тоқылдақ.<br>Жемшашарда ұшып-қонып жүрген қыстайтын құстар туралы мазмұнды сурет.<br>Көркемсөздің ұйқас сөздеріне сай мнемокарточкалар тізбегі: құстардың іздері, құстың ізіне қаратылған лупа, дәндер, бас бармақ жоғары, күлімдеген өңтаңба (смайл), шемшашар, жайылған екі алақан, бір жаққа қарай қараған көз, жайылған қанаттар, шықылдаған құс, торғай, ашық алақан. | ыдыстарға құйылған су, төсеніштер, сүлгілер.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>**Педагогтің жоспары бойынша** | әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «тазалық», «қолжуғыш», «йогурт» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>«Мойдодыр» ертегісіндегі қолжуғыштың суреті, қолжуғыштың дайын үлгісі, сабын, орамал, айна, тіс щеткасы, тарақтың суреті, йогурттан босаған ыдыс, сары түсті қағаздар, қайшы, қолжуғыш айнасының қиылған үлгісі, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше.<br>**Жабыстыру**<br>**3. Денешынықтыру**<br>**П**едагогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Бала санына қарай түсі үш түрлі таңбалауыштар жинақт амасы.<br><br>**2.Денешынықтыру Педагогтің жоспары бойынша** | | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№29**<br>**Жаяу борасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Боран гулеп соғады,<br>Қайсар қалай тоңады?<br>Мақта, мейлі.<br>Айналаны орады.<br>Аяғында саптама,<br>Мақтама.<br>Баста тымақ,<br>Өзіңе дәл, шақ қана.<br>Қайсар бейне атамдай,<br>Үсте тон.<br>Қолда қамшы, астында ат.<br>Қой қайырған шопандай.<br>**Бақылау:** жансыз табиғаттағы қыстың | **№30**<br>**Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау | **№31**<br>**Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>**Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың | **№32**<br>**Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Болжау.<br>Аязды күні қар жауса – күн жылынады.<br>Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел.<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар | **№33**<br>**"Көшені бақылау". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам. (жол инспекторы)<br>**Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу (дүкен, дәріхана, банк, пошта, колледж, кітап баспасы және т.б..). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілерімен танысу. Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Борасын қарды ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту. **Қимылды ойын: «Қайсардың киімін ата». (дене шынықтыру)** Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту (киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру). Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** «Төбешікке су құю». Судың қасиеті туралы білімдерін бекіту (аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге үйрету; өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар:** ойын түрін анықтау | (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. **Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. **Өз бетімен ойындар.** Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен ойындар.** Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Еңбек.** Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. **(еңбек дағдылары)** Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, | істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Қимылды ойын. «Бірінші бол». (дене шынықтыру)** Әртүрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оң жаққа, басқасы сол жаққа қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. **Еңбек.** Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б..). Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** балаларға өз рольдерін біліп, 2-3 рольде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ретінде рольдік ойын ережесін білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.<br>Ойын әрекеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. | | | болады.<br>Қортынды.<br>Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас.<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Үш батыр» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | «Қоянның үйшігі» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Басқа планеталықтар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Алтын алма» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>**(музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру** | "Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шаралары** | | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Көзі қорқақ қоян» | **Желі рөлді ойын**<br>"Ветеринарлық емхана". | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Тоқ көзімен ойнама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қанат Мариям<br>екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады: | Қуанышқызы Диляра<br>әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді: | Қуанышұлы Мансур<br>мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады: | Кенжебол Әмірхан<br>қағаз парағын түрлендіреді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады: | Кошербай Нуртас<br>өзінің туған жерін біледі, атайды, Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды, өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №29 | №30 | №31 | №32 | №33 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас.<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</td><td colspan="5">Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Әндерді қайталау, жаттау. (музыка)<br>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</td><td>«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама.</td><td>«Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама.</td><td>Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.</td><td>«Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике)</td><td>Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру.</td></tr>
</table>

Тексерген ___________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01 - 26.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | «Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Үстел үсті ойыны «Мозаика».** Мақсат-міндеттер: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету. **(танымдық дағды)** | **Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында.<br>1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып. 3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-3- алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, таспа ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, таспаларды толқындату; 4 - тез тіктеліп, таспа ұстаған қолдарын артына жіберу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1- тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, таспа ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2- бастапқы қалып. 3-4- келесі аяғымен жаттығуды қайталау. Жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-4 - таспа ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу. Таспамен толқынды қимылдар жасау. Жаттығуды 4-5 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қыстайтын құстар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қыстайтын құстардың суреттеріне қарап әңгіме құру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Құстар туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы әндер жаттау.<br>(музыка) |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша** | **1.Қазақ тіл**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Денешынықтыру** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Аквариум балықтары**<br>**мақсаты** | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Жабайы жануарларға қамқорлық | 1.**Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылға**<br>**н**<br>**іс-әрекет** | Педагогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Дорбадағы бұршақ<br>**МАҚСАТЫ**<br><br>Балалардың ұғымында бес көлемінде тура және кері санау туралы түсініктерін бекіту; заттар тобын салыстырғанда теңдік пен теңсіздікті табуға дағдыландыру.<br><br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларды бес көлеміндегі заттарды (қолмен ұстап, саусақпен сипау, т.б.) тура және кері санауға жаттықтыру; екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырып, теңдік пен теңсіздікті байқап, санмен белгілеуге жаттықтыру; заттарды санау әрекетінде оң қолмен солдан оңға қарай орналастыра білуді бекіту; геометриялық пішіндерді қайталау; қыстайтын құстар дың тіршілігі жөнінде қалыптасқан түсініктерді пысықтау.<br>Зейін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, құлақпен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін | мәдениеті «л» дыбысы.<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды үнді дауыссыз [л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; «ауыл» мен «қала» түсініктерін тиянақтау; адамның қала мен ауылдағы тіршілігі туралы білімдерін пысықтау. Балаларға дау ыссыз [л] дыбысын буында, сөздердің құрамында айтуды жаттықтыру; дыбысты құлақпен естіп, сөздердің құрамында орнын тауып, дұрыс атауды үйрету тәртібін жалғастыру, суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беру қабілетін арттыру; фонематикалық есту қабілетін жетілдіру, зейін, ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. Балалардың туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілі гін арттыру, адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; патриоттық сезімдердің негіздерін салу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балалардың сөздік қорына: тұрғындар, | Балаларға үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне өзара үйлесімді орналастыруға машықтау; балықтардың денелерін жүзбеқанаттар мен құйрығы, көзі, қабыршақтарымен толықтырып, безендіру техникасына бейімдеу; аквариум балықтарының тіршілік ерекшіліктері мен күту әдебін пысықтау; зейінділік, қағаз бетін бағдарлау, дүниетанымын дамыту; бақылағыштыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «жүзбеқанат», «қабыршықтар», «желкен», «бадырайды» сөздерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Босаңсу сәті, бейнежазбаны көрсету, көркем сөз, бойынша кіріспе әңгімелесу, суретті қарау, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, | **Оқу қызметінің мақсаты**<br>Балалардың жабайы жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, жануарлардың қыс кезіндегі ерекше мінез-құлықтары туралы білімдерін қалыптастыру; қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету; аңдардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру. Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігіндегі өзгерістер арқылы балалардың жабайы табиғат өкілдеріне қызығушылық бастамаларын арттыру; көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту. Оқу қызметінде құрдастарының жауаптарын тыңдай білу, мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтау және жануарларға қамқорлық көрсете білу жауапкершіліктеріне тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Аңдардың қысқы тіршілігі", "жабайы жануарларға қамқорлық", | **Тақырыбы: Сырнақ**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларды сырғанақтағы ойындардың суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың «Сырғанақ» тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуді үйрету; қысқы ойындар жайында білімін кеңейту; қыс мезгілінде болатын қызықтарға көрініс беру кезеңінде байқағыштығы мен зеректігін қалыптастыру; достыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>«Қыс қызығы», «сырғанақ», «құлақшын», «мойынорағыш», «қарғыбау» сөздерін айтқызып, балалардың тілін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақта, сурет көрсету, кері байланыс, сурет мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, көркемсөз, тақпақты мәнерлеп оқу, жаттау, дидактикалық ойын.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру.<br>Балалардың құстардың тіршілігіне, заттардың қасиеттеріне қызығушылық тарын жетілдіру, байқампаздыққа, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуларды орындау барысында: «заттарды қолмен санадым, саусақпен сипап санадым», «оң жаққа тіземін», «бес, төрт, үш, екі, бір», «саны қанша, сонша саламын», «жиыны», «қыстайтын құстар», «дыбыстардың саны қанша, сонша», «сандары теңесті», «бір-бірден саламын» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, бейнероликті көрсету, үстел басында үлгіні зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Құстардың дыбыстары жазылған аудиожазбалар жинағы (торғай, қарға, үкі, тоқылдақ).<br>Құстардың жемшашарға | зообақ, егін, балшық, шалшық, ауыл, қала сөздерін қосу.<br>Ауасы таза, көшелері кең, тұрғындары көп, бақшалары бай сөз тіркестерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, суретті көрсету, суреттер бойынша әңгімелесу, сергіту сәті, тыныс алу жаттығуы, кестелі сызба негізінде сөздік жаттығу, жаңылтпашты ритмика, артикуляциялық жаттығу, тірек суреттері негізінде зейінге дыбыстық жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Достық тақырыбын білдіретін ырғақты әуенжазба.<br>Ауыл мен қаланың екі көрнекілік суреттері.<br>Ауыл мен қаланың бір парақта орналасқан сызбасы.<br>Тыныс алу жаттығуына әуенжазба.<br>Сөйлемді құрастыру | өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, зейінге жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Темпі баяу, баяу тыныстарды білдіретін әуен жазбасы.<br>Аквариумда жүзіп жүрген әртүрлі балықтар туралы бейнежазбасы.<br>Денелері әртүрлі пішіндер арқылы бастырылған балықтардың суреттері.<br>Желкенді кеме.<br>Түрлі-түсті қарындаштар қорабы (фломастерлер), үшбұрыш, сопақша, дөңгелек пішінді трафареттер, көгілдір түске боялған қағаз беті.<br>Аквариумда жүзіп жүрген балықтарды салу кезеңдері:<br>- дөңгелек, сопақша, үшбұрыштың бастырылған сұлбалары;<br>- жүзбеқанаты, құйрығының пішінімен толықтырылған балықтардың бейнелері;<br>- көздері мен | "ін", "апан", "жыртқыштар", "өмір салты", "суық жерде", "аязда", "тоңады", "Жарайсың!", "Тамаша" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Түсіндіру, баяндау, көркем сөз, логикалық тапсырма, ертегі оқу, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан қыстағы ормандағы жабайы аңдардың тіршілігінен көрініс көрсету, пысықтау, "Қыста қандай жануарлар ұйықтайды?" дидактикалық ойыны.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, жабайы жануарлар туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; аңдар терісінің жүндері, жабайы жануарлар бейнеленген картотекалар, жабайы жануарлар бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Қыс қызығы аққала<br>**мақсаты**<br>Балаларға қалдық материалдарынан аққаланы құрастыруды үйрету, поролондарды қағаз бетіне орналастыру арқылы, балалардың | Интербелсенді тақта, қысқы ойындар туралы сюжеттік сурет, киім және қысқы қызықтардың заттық сурет-картотекалары; құлақшын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қонып, жем шоқып жүргені туралы бейнеролик.<br>Целофаннан тігілген немесе шеттері жапсырылған дорбалар; ішіне саны бірден бастап беске дейін бұршақ салынған.<br>Математикалық көрнекілік бір жолақты панно.<br>Көрнекіліктерді жапсыруға панно.<br>Көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Қыстайтын құстардың саны бестен көрнекілік кескіндері: шымшықтар, үкілер, тоқылдақтар, қарғалар, торғайлар.<br>Көлемі үлкен және кішкентай әртүрлі геометриялық пішіндер салынған панно алаңы.<br>Сұлбасы әртүрлі геометриялық пішіндерге ұқсас құстардың кескіндері.<br>Орташа ырғақты әуенжазба. | сызбасының үлгісі: қызыл үшбұрыш, жасыл дөңгелек, сары шаршы және көк тіктөртбұрыш.<br>Орташа ырғақты әуенжазба.<br>[л] дыбысы артикуляциясының сызбалы суреті.<br>Аланның қатысуымен дыбыстық жаттығуға негіз болатын үш түрлі сюжетті сурет.<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | қабыршықтары салынған балықтардың толық бейнелері;<br>- аквариум сұлбасының тастар мен шөптермен безендірілген суреті.<br>Вальс ырғағындағы әуенжазбасы.<br>Бірнеше айырмашылығы бар жұп-жұп балықтардың суреттері.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; қыс мезгіліндегі қызықтарды атап, аққала жайлы білімдерін толықтыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «қыс мезгілі», «аққала», «домалақ», «поролон», «қалпақ», «домалақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Қыс қызығы суреттері, «Қыс қызығы Аққала» дайын үлгісі, түрлі-түсті поролон, бет-әлпетіндегі белгілерінің қима үлгілері, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, қағаз.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бала санына сәйкес түрлі-түсті поролон, бет-әлпетіндегі белгілерінің қима үлгілері, желім, желімге ыдыс, қылақалам, қылқаламға тіреуше, қағаз.<br>**Жабыстыру**<br>3. **Денешынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **№34**<br>**Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>(қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>**Бақылау:** балаларға қар түсуі жөнінде түсінік беру.<br>Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту.<br>Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді | **№35**<br>**Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жаңылтпаш.<br>Қыс қыспаса, қыс па,<br>Құс ұшпаса, құс па?<br>Өлең.<br>«Қыс» О. Иманәлиев.<br>Көкті бұлт тұмшалап,<br>Жер ақ тонын киеді.<br>Шұнақ аяз шымшылап,<br>Ақ бетіңнен сүйеді.<br>**Бақылау:** балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын: «Кегліні құлат». (дене шынықтыру)**<br>Кегліні құлата отырып, | **№№36**<br>**Торғайларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұшып | **№37**<br>**Қар үстіндегі іздерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыштық, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.<br>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br>Көркем сөз:<br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды, | **№38**<br>**Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қымтайды.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Қармен ойнау». **(дене шынықтыру)**<br>Балаларды қармен ойнауға үйрету.<br>Нысанаға қарды атуға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>**Еңбек:** күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Тыныш, қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек. (еңбек іс-әрекеті)**<br>Демалыс орнын қардан тазарту.<br>**Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.** Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>**Еңбек.** Топтың ойын ауласын қоқыстардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы ақ қырау түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>(Абай)<br>**Еңбек:** құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке баулу.<br>**Жеке жұмыс:** бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br>Мақал.<br>Жем берсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. | болғандықтан, сол су буларынан<br>кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>Көркем сөз.<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>**Қимылды ойын. «Ортаға түспек». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, секіруге, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек:** қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Жеке жұмыс:** шаңғыда жүре білуге машықтану.<br>Мақал.<br>Қар көп болса, астық көп болады.<br>Жұмбақ.<br>Қолы жоқ, сурет салады<br>Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Қорыққанға қос көрінеді» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау.<br>Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>**(музыка)** | «Етікші» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Даналық кеңес» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br><br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықты**ру) | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Жаман мен жақсы» | **Желі рөлді ойын «Хайуанаттар бағы»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«тоқ көзімен ойнама!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ғани Алиасқарға өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын үйрету. | Бекболат Санжарға 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарғын қалыптастыру. | Ғалым Ақмедияр бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттей білуге үйрету. | Талғат Адинаға қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады үйрету | Дархан Адина ғашығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтай білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №34 | №35 | №36 | №37 | №38 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және басқалар)** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | «Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?» | «Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?» сауалнама. | Ата-аналар жиналысы. Тақырып: «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі». |

Тексерген ___________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.01 - 02.02.2024ж
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | «Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Үстел үсті ойыны «Мозаика».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету. | **Санамақ.**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он бақай.<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында.<br>1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып. 3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-3- алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, таспа ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, таспаларды толқындату; 4 - тез тіктеліп, таспа ұстаған қолдарын артына жіберу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1- тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, таспа ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2- бастапқы қалып. 3-4- келесі аяғымен жаттығуды қайталау. Жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-4 - таспа ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу. Таспамен толқынды қимылдар жасау. Жаттығуды 4-5 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қыстайтын құстар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қыстайтын құстардың суреттеріне қарап әңгіме құру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Құстар туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Құстар туралы әндер жаттау.<br>(музыка) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | 1.**Қазақ тілі**<br>Педагогтіғ жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педаггтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Түрлі пінді балықтар**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың санау, екі бөлек заттар тобын салыстырып, олардың тең немесе тең еместігін анықтай білу қабілеттерін дамыту.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балалардың ұғымындағы теңдік және теңсіздік туралы түсініктерін жетілдіру; заттар тобын салыстырғанда бетте стіру тәсілін бекіту; әрқалай орналасқан заттарды санап, «қанша болды?» сұрағына жауап беруге, санмен белгілеуге бейімдеу; салыстыру эквиваленті (балама) туралы түсінік беру; геометриялық пішіндерді қайталау; заттардың | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Кімнің қолынан келеді?**<br>**Диологтар ойыны**<br>**МАҚСАТЫ**<br><br>Балалардың ұғымындағы мамандық туралы түсінік қалыптастыру; диалог пен монолог, сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы түсінік қалыптастыру; мамандық иелері туралы жалпы білімдер аясын кеңейту. Балаларды мамандықтардың ерекшеліктері туралы көркемсөзді тыңдап, тақпақ жолдарындағы фразалар арқылы белгілі сұрақтарға логикаға сай жауап беру дағдыларын қалыптастыру; монолог пен диалог айырмашылықтарын ажырату біліктерін қалыптастыру; жұмбақ жасыру техникасын бекіту; болымсыз етістіктерді жауаптарда айтып жаттықтыру; мамандық туралы мақалды еске сақтау дағдысын дамыту; мамандықтарға қажет | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Етікшінің жаңа қос етігі**<br>**мақсаты**<br><br>Балаларға қос етіктің сұлбаларын қазақтың оюларымен безендіруді үйрету; етіктің қонышына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне «мүйіз» оюын салу техникасын қалыптастыру; қазақтың ұлттық аяққиімі туралы білімдерін тиянақтау, етікші мамандығы туралы ұғымдар беру; композициялық қабілеттерін, әсемдікті қабылдау сезімдерін дамыту; қазақтың ұлттық қолөнеріне қызығушылықты ояту, адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br><br>Балалардың белсенді сөздік қорына: етікші, шеберхана, қоныш сөздерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br><br>Аудиожазбаны тыңдау, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу, көркем сөз, | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Ауабаптағыш**<br>**мақсаты**<br><br>Балалардың ауа баптағыш туралы білімдерін кеңейту; қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсініктерін нығайту; адамдар мен техника құралдарының қысқы дайындықтары жөнінде түсінік беру; ауа баптағыштың жұмыс істеу ерекшеліктерімен таныстыру; адам және техника туралы ұғым беру. Балалардың ауа баптағыштың ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Балалардың ауа баптағышқа күтім жасауға және оның сырын білуге деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу әрекетінде белсенділіктерін көтеру.<br>**Сөздік жұмыс** | 1. **Музыка**<br>Педагогтің жоспары<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**:Аппақ қар<br>**МАҚСАТЫ**<br><br>Балаларды «Аппақ қар» өлеңінің мазмұнымен таныстыру, табиғаттың сұлулығын бейнелейтін сөздерді мұқият еске сақтауды үйрету; аппақ қардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне көңіл аударып, оның пайдасын білу және бағалай білуге дағдыландыру; қыс мезгілінің әдемі көріністерін беру кезеңінде байқағыштығы мен зеректігін қалыптастыру; қардың пайдасы жөнінде түсініктерін кеңейту. «Аппақ қар» өлеңінің мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, еске сақтау қабілеті мен шығармашылығын дамыту. Балалардың «Аппақ қар» өлеңіне қызығушылығын тудыру; әдептілікке және достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br><br>«Қардың пайдасы», «ақ боз жеккен шана», «аппақ дүние», «аппақ нұрға малынады», «жапалақтап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікте «алыс», «жақын» орналасуы туралы түсініктерін пысықтау; аквариум балықтары туралы түсініктер аясын кеңейту.<br>Зейін, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың балықтар әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру; шыдамдылыққа, тиянақтылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br><br>Жаттығуды орындау барысында: «сандары тең болды», «беттестірдім», «заттар әрқалай орналасса да, жалпы жиын саны өзгермейді», «алыс», «жақын» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркемсөз, | құралдарды ажырату, жалпылама топқа біріктіру іскерліктерін жетілдіру; зейін, ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту, өзара достық қарым-қатынасты жетілдіру. Балаларды мамандық иелерін құрметтеуге, ұғымталдыққа, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br><br>Балалардың сөздік қорына: шебер, пилот, ғалым, тігінші сөздерін қосу. Мамандық иелері қолданатын құралдарын білдіретін зат есімдерді, іс-қимылын сипаттайтын етістіктердің болымсыз түрлерін және «Шеберді саусағы асырайды», «Тігіншіні инесі асырайды» сияқты мақалды айтқызып, сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, таңғажайып сәт, «Кімге, не керек?» дидактикалық ойыны, мнемокарточкалар негізінде диалог сөздік жаттығуы, лимерик техникасы бойынша жұмбақ жасыру жаттығуы, диалог негізінде сұрақ-жауап жаттығуы, мақалды | үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, логикалық жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>**Құрал-жабдықтар**<br><br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Балғамен шегені қаққанда шығатын дыбыстың әуенжазбалары.<br>Суреттер: етікшінің шеберханасы, етік пен қайыс, қос етіктің «мүйіз» оюымен безендірілген үлгі суреті, «мүйіз» оюы.<br>Қос етікті безендіру суретін салу кезеңдері:<br>- оюсыз қос етіктің суреті;<br>- етіктің қонышының орнына дөңгелек трафареттер бастырылған;<br>- дөңгелек трафарет орнына оюлар салынған;<br>- етіктің сұлбасы ашық қоңыр түске боялған.<br>Ырғақты және көңілді әуенжазбасы. | "Техника және біз", "ауа баптағыш", "ауаны салқындатады","ыстықта", "қатты суық", "тұруға болмайды", "Жарайсың!", "Керемет" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br><br>Ғажайып сәт, әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан ауа баптағышты көрсету, пысықтау, "Сөздерді ұстап ал" дидактикалық ойыны.<br>**Құрал-жабдықтар**<br><br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, ауа баптағыш туралы қысқаша бейнебаян, ауа баптағыш туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; ауа баптағыштар бейнесі бар үлкен қима суреттер, ауа баптағыш бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Аю мпн қасқыр**<br>**Мақсаты:Б**алаларға геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқыр мен аюды құрастыруды үйрету; қасқыр мен аюдың қысқы | тынбады қар», «астында ақ мамықтың» сөз тіркестерін айтқызу арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br><br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан қардың жауып тұрғаны туралы бейнебаянды көрсету, өлеңді мәнерлеп оқу, өлеңдегі көркемсөзді қайталау, миға шабуыл, кері байланыс, өлең мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br><br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, тақырыпқа байланысты суреттер; құлақшын; байпақ, мойынорағыш, қолғап, бақа, сым, пәлте (пальто), шана, аққала, ит, шелек, сыпыртқы, шырша, дидактикалық ойынға арналған суреттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретті көрсету, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Салмақты, баяу ырғақты әуенжазба.<br>Аквариумдағы балықтың жүзіп жүргені туралы бейнеролик.<br>Түрлі геометриялық пішіндерге ұқсас балықтардың суреттері.<br>Көрнекілік суреттері: бір қатарға салынған бірыңғай балықтардың суреттері (екіден беске дейін);<br>бір бетте әркелкі ретпен орналасқан біркелкі балықтардың суреттері (екіден беске дейін).<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Көрнекілікке панно. | жаттамақ жаттығуы, әуенжазбасы негізінде тақпақты мәнерлеп айту сөздік жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br><br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Көңілді, полька ырғағындағы әуенжазба.<br>Көрнекілік заттар: Дымбілместің хаты; хатқа хатқалта; мамандық иелерініе қажетті құралдар мен заттарға толған қорапша.<br>Көрнекілік суреттері: дәрігер, құрылысшы, аспаз, балташы, шаштараз, мұғалім, сатушы, биші, ғалым.<br>Сөздік жаттығуға қажетті мнемокарточкалар: дәрігердің сөмкесі, қалақша (шпатель), ожау, балға, қайшы, көрсеткіш, таразы, бишінің пуантылары, лупа.<br>Орташа ырғақты әуенжазбалар.<br>Лимерик техникасы бойынша<br>жұмбақ (тақпақты) жасыру кестесінің үлгісі:<br>Бірінші. «Ол не? Ол кім?»<br>Екінші. «Ол қандай?»<br>Үшінші. «Ол не істейді?»<br>Төртінші . «Ол немен, | Мамандық иелеріне қажетті құрал-жабдықтардың суреттері: балға мен шеге, ине мен жіп, көрсеткіш пен глобус, футбол добы, электронды таразы, танометр, өрт сөндірушінің шлангі, тақтай мен пышақ, ала таяқша мен ысқырғыш.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Қатты қағаздан қиылған дөңгелек пішінді трафареттер.<br>Акварельді<br>бояу қораптары, тіреушелер, төсеніштер, қылқаламдар, қызыл қарындаштар, ыдыстарға құйылған су.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>. | тіршілігі туралы білімдерін толықтыру; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; үлгі бойынша құрастыру іскерліктерін, танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «жабайы жануар», «қасқыр», «қысқы тіршілік», «сопақша», «тіктөртбұрыш», «шаршы», «шеңбер», «үшбұрыш», «оң жақ», «сол жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Аю мен қасқырдың суреті, апанда ұйықтап жатқан аюдың суреті, аю мен қасқырдың дайын үлгісі, геометриялық пішіндер.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИ** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баяу ырғақты әуенжазба.<br>Суретті сызбалардың бірнеше нұсқалары: суреттердің әрқайсында екіден беске дейін пішіндері мен шамалары әртүрлі балықтар бар. | кіммен, қалай байланысты?»<br>Бесінші. «Ол туралы қандай ой түйеміз?»<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагтің жоспары бойынша | | **АЛДАР**<br>Бала санына сәйкес геометриялық пішіндер.<br>**Жабыстыру**<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Педагтің жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **№39**<br>**Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>(қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>**Бақылау:** балаларға қар түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды.<br>**Қимылды ойын.** «Қармен ойнау». **(дене шынықтыру)**<br>Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атуға жаттықтыру. Ойын | **№40**<br>**Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жаңылтпаш.<br>Қыс қыспаса, қыс па,<br>Құс ұшпаса, құс па?<br>Өлең.<br>«Қыс» О. Иманәлиев.<br>Көкті бұлт тұмшалап,<br>Жер ақ тонын киеді.<br>Шұнақ аяз шымшылап,<br>Ақ бетіңнен сүйеді.<br>**Бақылау:** балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын: «Кеглінi құлат». (дене шынықтыру)**<br>Кегліні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек. (еңбек іс-әрекеті)** | **№41**<br>**Торғайларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс | **№42**<br>**Қар үстіндегі іздерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың<br>ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыштық, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.<br>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа<br>райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br>Көркем сөз:<br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, | **№43**<br>**Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың<br>құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі:<br>сол жоғарыда ауаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережесін орындауға дағдыландыру.<br>**Еңбек:** күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Тыныш, қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | Демалыс орнын қардан тазарту.<br>**Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.**<br>Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | орындалуын есептей білу.<br>**Еңбек.** Топтың ойын ауласын қоқыстардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | Үсті-басы ақ қырау түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>(Абай)<br>**Еңбек:** құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке баулу.<br>**Жеке жұмыс:** бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br>Мақал.<br>Жем берсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. | температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>Көркем сөз.<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>**Қимылды ойын. «Ортаға түспек». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, секіруге, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек:** қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Жеке жұмыс:** шаңғыда жүре білуге машықтану.<br>Мақал.<br>Қар көп болса, астық көп болады.<br>Жұмбақ.<br>Қолы жоқ, сурет салады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Тісі жоқ, тістеп алады.<br>(Аяз) |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Қорыққанға қос көрінеді» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау.<br>Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>**(музыка)** | «Етікші» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Даналық кеңес» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br><br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықты**ру) | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,** | **Ертегілер елінде**<br>«Жаман мен жақсы» | ***Желі рөлді ойын*<br>«Хайуанаттар бағы»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«тоқ көзімен ойнама!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дархан Адина қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады: | Ғани Алиасқар бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады: | Ғалым Ақмедияр ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады: | Бекболат Санжар жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі: | Ақжол Ақарыс еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №39 | №40 | №41 | №42 | №43 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | «Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?» | «Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?» сауалнама. | Ата-аналар жиналысы. Тақырып: «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі». |

Тексерген ___________________